Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТІЛДІК СТАНДАРТЫН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША

Әдістемелік нұсқаулық

Методическое руководство

ПО ПРИМЕНЕНИЮ ЕДИНОГО ЯЗЫКОВОГО СТАНДАРТА ОБУЧЕНИЯ ТРЕМ ЯЗЫКАМ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ШКОЛ КАЗАХСТАНА

Астана
2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 12 наурыздағы № 3 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 12 марта 2018 года).

Қазақстан мектептерінің оқу үдерісінде үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандартын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық, 2018.-32 б.

Методическое руководство по применению Единого языкового стандарта обучения трем языкам в учебном процессе школ Казахстана, 2018.-32 с.

Берілген Әдістемелік нұсқаулық үш тілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандартын қолдану бойынша ұсынымдамаларды құрайды.

Құжатта Тілдік стандарттың мазмұны мен статусының ерекшеліктері анықталып, оны жүзеге асырудың негізін қалайтын қағидалар мен тәсілдер, нұсқалар мен жағдайлар сипатталады.

Оқу процесінде үш тілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандартын жүзеге асырудың нақты стратегиялары ұсынылады.

Аталған басылым үштілдік/көптілдік бағдарламасында жұмыс жасайтын әдіскерлер мен ұстаздарға, білім басқармалары және ұйымдардың басшыларына, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттердің авторларына, көптілдік мамандарды даярлайтын колледж бен жоғарғы оқу орындарына, ғылыми-педагогикалық қоғамдастыққа, қызығушылық танытқан кең ауқымды тараптарға арналған.

Данное Методическое руководство содержит рекомендации по применению Единого языкового стандарта обучения трем языкам.

В документе раскрываются особенности статуса и содержания Языкового стандарта, описываются основополагающие подходы и принципы, варианты и условия его реализации.

Предлагаются конкретные стратегии реализации Единого языкового стандарта обучения трем языкам в учебном процессе.

Настоящее издание адресовано методистам и педагогам, задействованным в программах трехъязычного/многоязычного образования, руководителям организаций и управлений образования, авторам учебников и учебно-методической литературы, колледжам и вузам, готовящим полиязычных специалистов, научно-педагогической общественности, широкому кругу заинтересованных сторон.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2018

Кіріспе

Әдістемелік нұсқаулық Үш тілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандартын (бұдан әрі – Тілдік стандарт) қолдану бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Құжаттың бірінші тарауында Тілдік стандарт мәртебесі мен мазмұны анықталып, оның негізін құраушы тәсілдер мен принциптер, оны жүзеге асыру шарттары мен нұсқалары сипатталады.

Екінші тарауда оқу үдерісінде үш тілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандартын жүзеге асырудың нақты стратегиялары ұсынылады.

Аталған басылым үш тілді/көптілді білім беру бағдарламаларымен жұмыс жасайтын, әдіскерлер мен мұғалімдерге, ұйымдар мен білім беру басқармаларының басшыларына, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер авторларына, көп тілді мамандар даярлайтын колледждер мен университеттерге, ғылыми - педагогикалық қоғамдастыққа, мүдделі тараптардың кең ауқымына бағытталған.

Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты – қызығушылық танытқан тұлғаларға Тілдік стандарттың ерекшеліктерін түсіндіру және оны қолдану туралы нұсқаулар беру.

1 Үш тілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандарты: мәртебесі, ерекшеліктері

1.1 Тілдік стандарттың мәртебесі туралы

Үш тілде оқытудың Тілдік стандарты негіздемелік құжат мәртебесіне ие.

Бұл жерде, аталған стандарт үш тілде оқытуды негіздеуге, сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір шеңберлерді, бағыттарды, тәсілдерді анықтайтындығын білдіреді.

1.2 Білім берудің нақты бір ұйымының шарттарына проекцияланған жалпы тәсілдер мен принциптер

Міндетті параметрлерге қатысты Тілдік стандартта Қазақстан мектептерінде мақсатты тілдерді оқытудың әдіснамалық тәсілдері мен принциптерін анықтауға негіз болған маңызды көзқарастарға түсініктеме беріледі:

– **Үш тілде оқыту** – Қазақтан мектеп оқушыларының бір мезгілде үш мақсатты тілді меңгеру жағдайының жиынтығы: қазақ, орыс және ағылшын.

– **Ана тілі** – Қазақстан этностарының тілдері ретінде. Ана тілі, негізінен, білім алушылар контингенті бір ұлтты құрамға ие болатын қазақ, тәжік, өзбек және ұйғыр тілдерінде оқитын білім алушылардың бірінші тіліне сәйкес келеді. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде ана тілі бірінші тілге сәйкес келмейді, себебі, аталған мектептерде этникалық орыстардан өзге де қазақстандық этнос өкілдері білім алады. Осыған байланысты, оқыту қазақ және орыс тілдеріндегі мектептерде білім алушылар екі мақсатты тілді оқиды, оқыту қазақ және орыс тілдерінде емес мектептер, үш мақсатты тілді және тиісінше әр оқушы жалпы алғанда бірінші тілмен қоса үш немесе төрт тіл оқиды.

– Оқу процесіндегі **үш мақсатты тіл** бәсекелестікте емес, бірлікте дамуы қажет.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған маңызды көзқарастар негізінде үш мақсатты тілді оқытудың негізгі тәсілдері анықталды.

Біріншіден, Еуропалық Одақта қолданыс тапқан CEFR шет тілдерін меңгеру деңгейлерінің жүйесі негізінде әзірленген мақсатты тілдерді деңгейлік оқыту. Аталған шкаланың басты ерекшелігі, ол сөздердің немесе грамматикалық құрылымдардың қандай да бір жиынтығын білуге негізделмей, оқылып жатқан тілді белгілі бір деңгейге жеткізе алатындығы болып табылады. Сондықтан, CEFR шкаласы әмбебап болып табылады – оны кез келген тілге қолдануға болады.

CEFR жүйесінде білім алушылардың білімі мен біліктілігі ішінара алты деңгейден тұратын ірі үш санатқа (категорияға) бөлінеді:

А Қарапайым меңгеру

А1 Күнкөріс деңгейі

А2 Бастапқы деңгей

В Жеткілікті меңгеру

В1 Бастапқы деңгей

В2 Бастапқы ілгеріңкі деңгей

С Еркін меңгеру

С1 Кәсіби меңгеру деңгейі

С2 Жоғары деңгейде меңгеру

Білім алушылар оқылым, есту арқылы қабылдау, ауызша және жазбаша сөйлеу барысында меңгеруі тиіс білімдер мен біліктер сипатталады.

Қазақстанның үш тілде оқыту моделі CEFR аналогы емес, бірақ, аталған құжатты негізге ала отырып, оның идеялары мен негізгі ережелерін ұлттық білім беру жүйесінің нақты жағдайларына бейімдейді.

Тілдік стандартта үш мақсатты тілді оқыту деңгейлері қалай анықталғандығына назар аударамыз (1-кесте):

1-кесте - CEFR (Common European Framework of Reference – Шет тілін меңгерудегі жалпыеуропалық құзыреттіліктер) сәйкес үш тілде оқытудың салыстырмалы деңгейлері

CEFR деңгейлері			**Сыныптар**	**Ағылшын тілі (Т3)**	**Сыныптар**		**Қазақ тілі (Т2) Орыс тілі (Т2)**
Базалық	А1	Күнкөріс деңгейі	1-сынып	А1 бағытындағы жұмыс	А1	1-сынып	А1 бастапқы
			2-сынып	А1 төмен		2-сынып	А1 орташа
			3-сынып	А1 орташа		3-сынып	А1 ілгерілеген
			4-сынып	А1 жоғары	А2	4-сынып	А2 бастапқы
	А2	Бастапқы деңгей	5-сынып	А2 төмен-орташа		5-сынып	А2 орташа-ілгерілеген
			6-сынып	А2 орташа -жоғары		6-сынып	В1 бастапқы
			7-сынып	В1 төмен	В1	7-сынып	В1 орташа
Орташа	В1	Бастапқы деңгей	8-сынып	В1 орташа		8-сынып	В1 ілгерілеген
			9-сынып	В1 жоғары		9-сынып	В2 бастапқы
			10-сынып	В2 төмен-орташа	В2	10-сынып	В2 орташа
	В2	Бастапқы ілгеріңкі деңгей	11-сынып	В2 орташа-жоғары		11-сынып	В2 ілгерілеген

Мақсатты бағдарлар орыс-қазақ және қазақ-орыс тілдері тән Қазақстандағы тілдік жағдайды есепке ала отырып анықталады, соңғысы бірте-бірте өзінің ауқымын кеңейтеді. Ағылшын тілі бір қадам артта, себебі, қазақ және орыс тілдері табиғи лингвистикалық ортада оқытылады. С деңгейіне келетін болсақ, ол аталған кестеге кірмейді, себебі, ол тілдік білім берудің мектеп сатысына арналмаған.

Үш мақсатты тілді оқытудағы келесі әдістемелік тәсіл - грамматикалық-аударма әдістеріне негізделген тәсілдерге балама ретіндегі ***коммуникативтік тәсіл.***

Грамматика мен аударма әдістерінің негізгі кемшіліктері - тілдерді оқыту барысында барлық басымдықтар грамматикаға, лексиканы механикалық меңгеруге, оқылым мен әдебиеттік аудармаларға беріліп, біртекті тапсырмалар ұсынылуында: ережелер жаттау, мәтінді оқу, аударма, жаңа сөздерді есте сақтау, мазмұнын айту, мәтін бойынша жаттығулар. Нәтижесінде, жылдар бойы беске оқыған адам грамматиканың барлық ережелерін біледі және жақсы сөздік қорға ие, дегенмен Қазақстанда өмір сүріп отырғандықтан, шетелдіктермен ағылшын тілінде сөйлесе алмайды.

Аталған жағдайлар неге орын алуда? Біріншіден, қорқыныш бар, себебі мәтіндерді жүгіртпелі оқып, сауатты әңгімелесу - бұл екі түрлі нәрсе. Екіншіден, егер сөздерді нақты жағдай барысында орынды және сауатты пайдалана алмасаңыз, сөздік қор ауқымдылығы көмектеспейді. Сол себепті, сөйлесу және коммуникативтік дағдыларды дамыту маңызды.

Коммуникативті тәсілдің негізгі талаптары коммуникациялық процесті оқу үдерісімен үйлестіру болып табылады, дәлірек айтқанда, оқу үдерісі негізгі параметрлері бойынша нақты қарым-қатынас процесіне сәйкес келеді.

Қарым-қатынас қажеттілігі мен ынтасы нақты бір жағдайда туындайтынын есте сақтаған жөн, сондай-ақ, қарым-қатынас формасы мен байланыс мазмұны - аталмыш жағдайдың жауабы болып табылады. Тілді қолданудың әрбір әрекеті әлеуметтік қызмет салаларының біріне жататын нақты жағдай контексінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың әрекет етуі, қажет салаларды таңдау қызметі оқыту үдерісіндегі жағдайларды, мақсаттарды, міндеттерді, тақырыптарды және мәтіндерді таңдауда, тестілеуді құрастыруда және білім беру қызметін жоспарлауда маңызды рөл атқарады.

Коммуникативтік көзқарас ұстанымынан мұғалімдерге, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдарын әзірлеушілерге келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылады:

- Білім алушылардың коммуникациялардың қандай салаларында қарым-қатынас жасауларына тура келеді?
- Білім алушы қандай жағдайларға тап болуы мүмкін?
- Білім алушылар қарым-қатынастың нақты салаларында қандай тақырыптарды/тақырыпшаларды қозғауы қажет?
- Орынға, қарым-қатынас қатысушыларына, заттарға, оқиғалар мен іс-әрекеттерге қатысты қандай арнайы түсініктерді әр тақырып шеңберінде қозғай алады/қажет/қозғайды?
- Оқыту тілі қандай коммуникативтік тапсырмаларды орындайды?
- Тілді меңгерушіге коммуникативтік міндеттерді табысты орындау үшін қандай дағдылар және қаншалықты деңгейде қажет?

Үш мақсатты тілдерді оқытудағы келесі әдістемелік тәсіл – ***мәдениетаралық-коммуникативтік тәсіл***. Аталған тәсіл тілдерді оқыту барысында мәдениетаралық қарым-қатынасқа талап етілетін жеке тұлға қасиеттерін дамытуға назар аударылатындығын білдіреді. Аталған тәсіл тұрғысынан келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылады:

- Білім алушының тіл үйренуіне қандай әлеуметтік-мәдени білім мен тәжірибе қажет?

- Оқып жатқан тілінде коммуникацияны жүзеге асыру үшін өз елі және тілін оқып жатқан ел туралы қандай жаңа әлеуметтік-мәдени білімді игеруі қажет?

- Тиісті мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту үшін білім алушы отандық және шетелдік мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас туралы нені білуі қажет?

Үш тілде оқытуда қолданылатын негізгі тәсілдерді ұсынғаннан кейін, Тілдік стандарттарда олардан пайда болатын принциптер сипатталады:

- тіл мен мәдениетті қоса зерттеу принципі;
- білім беру мазмұнындағы қазақ (мемлекеттік) және орыс тілдері арасындағы теңгерімдік принципі;
- «қосарлы білім» принципі.

Тілдік стандартта тілдерді оқыту барысында тіл дамуының эволюциялық өзгеру заңы, тіл құрылымының түрлі деңгейлерінің біркелкі емес дамуы, баламалы өзгеріс, сонымен қатар, жекелеген лингвистикалық заңдар – фонетикалық, синтаксистік, морфологиялық заңдардан тұратын тілдің негізгі лингвистикалық даму заңдары мен заңдылықтарын ескеруге баса назар аударылады.

1.3. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Тіл стандарт Қазақстанда алғаш рет әзірленді. Стандарттың өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында нақты білім беру тәжірибесінде мақсатты тілдерді дамыту жағдайларының тұрақты өзгеріс жағдайларына сәйкес жетілдіріліп отырады. Осы ретте басқа да нұсқалар болуы мүмкін.

1.4. Тілдік стандартты пайдалану туралы

Тілдік стандарт негіз болып табылады:

- мақсатты тілдерді және жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін оқытуға арналған кіріктірілген оқу материалдарын әзірлеуге;
- ЖМЦ пәндері бойынша авторлық оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешендерін, әдістемелік ұсынымдамаларды әзірлеуге;
- аталған пәндер бойынша оқу материалдарын объективті бағалауға;
- үш тілді білім беруді қамтамасыз ету бөлігінде білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды белгілеуге.

2 Оқыту процесінде үш тілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандартын қолдану стратегиялары

2.1 Тілдік стандартты түсіндіру жұмыстары бойынша

Тілдік стандарт үш тілді білім берумен айналысатын немесе үш тілді білім беруге көшуге дайындалып жатқан білім беру ұйымдарының жетекшілері үшін қажет кітаптың бірі болып табылады.

Стандарт және оның негізгі ережелерінің мазмұнын түсіндіру жауапкершілігін, одан әрі оқыту мен пайдалану бойынша іс-шараларды әзірлейтін, білім беру ұйымы директорының оқу және оқу-әдістемелік орынбасарына тапсыру ұсынылады. Бұл әдістемелік семинарлар, пікірталастар, презентация, ата-аналар жиналысы және т.б. болуы мүмкін.

Үш тілді білім беруді жүзеге асыру кезінде төмендегідей ұсыныстарды ескеру қажет:

Білім беру ұйымдарының жетекшілері үшін:

– Үш тілде сөйлей білу немесе тілдерді оқыту үдерісінде болу.

– Үш тілді теңгерімді пайдалануға ұмтылу.

– Үш тілде оқытуға оң көзқарас таныту және өз ұжымыңызды ынталандыру.

– Үш тілдікті табысты жүзеге асыру үшін мамандарды іріктеуге басымды көңіл бөлу.

– Үш тілді оқытуды жүзеге асыру барысында мұғалімдерге және олардың кәсіби дамуына қолдау көрсету.

– Үш тілді білім беруді жүзеге асыру барысында мұғалім, ата-ана мен білім алушылар арасындағы ынтымақтастықты қолдау.

Мұғалімдер үшін:

– Үш тілді меңгеруге және оларды түрлі жағдайларда пайдалануға талпыну.

– Екінші немесе үшінші тілді оқыту әдістерін, оның ішінде CLIL технологиясын зерттеу және қолдану.

– Екінші немесе үшінші тілді оқыту әдістері бойынша біліктілікті тұрақты түрде арттыру.

– Мақсатты тілде тілдік және тілдік емес пәндерді оқыту барысында білім алушыларды ынталандыру.

Ата-аналар үшін:

– Ата-аналар Т2 және/немесе Т3 тілдерін жетік меңгермегендігіне қарамастан, олар балаларға оң көзқарас және тіл үйренудің артықшылықтарын танытулары қажет. Балалармен бірге теледидар (бағдарламаларды, мультфильмдерді, бастапқы кезеңде субтитрмен фильмдерді) көру және Т2/Т3 тілдерінде кітаптар оқу.

– Үш тілді білім беруді жүзеге асыру барысында білім беру ұйымдарының жетекшілерімен, мұғалім және білім алушылармен ынтымақтастықты қолдау.

2.2 Жүзеге асыру нұсқасын таңдау

Үш тілде оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін, дайын рецептерді күтуге болмайды. Әрбір білім беру ұйымы өз мүмкіндіктері мен ресурстарынан шығулары қажет.

Аймақтық ерекшеліктерін, өз әлеуеті мен ресурстарын ескере отырып, үш тілді оқытуға ауысу туралы шешім қабылдаған мектеп, үш тілді оқытуды жүзеге асырудың ең қолайлы үлгісін таңдайды:

– Орыс тілі басымдыққа ие аймақтарда орыс тілінде сөйлейтін балаларға арналған қазақ тіліне көшу бағдарламасы енгізілуі қажет. Қазақ тілінде сыныптан тыс іс-шаралар өткізуге болады.

– Оқыту аралас тілде өтетін мектептерде бір немесе екі сыныпта тілді екі жақты үйретудің эксперименттік моделін енгізу ұсынылуда. Аталған үлгі барысында қазақ және орыс сыныптарындағы білім алушылардың тең саны бір сыныпта оқытылады. Білім алушылар қазақ тілінде «Қазақстан тарихы», орыс тілінде «Дүниежүзі тарихы» пәндерін бірге оқи алады. Бұл екі тілдің параллельді оқытуды жеңілдетеді және өзге тілдерге құрметпен қарауды қалыптастырады.

– Үш тілде білім беруді енгізуге дайын мектептерде ағылшын тілі мамандары болмаған жағдайда әлеуметтік-гуманитарлық цикл пәндерін және қысқа модульдерді, сабақ элементтерін, факультативтік сабақтарды ағылшын тілінде оқытуға болады.

– ЖМЦ барлық пәндері бойынша білікті мамандар болмаған жағдайда, бір пәнді даярлығы бар мұғалім оқыта алады.

– Сондай-ақ, кішкене модульді немесе пән терминологиясын ағылшын тілінде оқытуға немесе ағылшын тіліндегі материалдарды ішінара пайдалануға болады.

– Қажетті ресурстары жоқ ауылдық мектептерде ағылшын тілін оқыту әдісі ретінде қашықтықтан интерактивті оқытуды пайдалану.

– Оқулықтар болмаған жағдайда дербес оқу материалдарын әзірлеу ұсынылады.

– Оқу тілі мақсатты тілдермен (оқыту өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде) сәйкес келмейтін мектептер үшін білім алушылар оқу материалдарын оқыту тілінде (Т1) оқыған және Т2 және Т3 (қазақ, орыс, ағылшын тілінде) талқылаған уақытта «Translanguaging» стратегиясын қолдануға болады.

Бірыңғай Тілдік стандарт ұсынымдық сипатта екенін және жалпыға міндетті құжат емес екендігін есте сақтау қажет.

2.3 Жүзеге асыру шарттары

Үш тілде білім беруге көшу үшін шешілуі тиіс мәселе тілдерді оқытуды және мақсатты тілдерде оқытуды қамтамасыз етуге дайын ***білікті***

мамандардың болуы болып табылады. Осы мақсатта білім беру ұйымы педагогикалық мамандарды жүйелі түрде оқытуды жүзеге асыруы қажет, оның ішінде:

– үш тілде білім беруді енгізу үшін педагогикалық мамандар қажеттілігін бақылау;

– қайта даярлау курстары мен тағылымдамаларға жіберу;

– ағылшын тілінде сабақ жүргізуге дайын, оның ішінде жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының көп тілді топтарын бітірген пән мұғалімдерін іздеу және тарту;

– ағылшын тілінде сабақ өткізу үшін екінші мамандықтың қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша мұғалімдерді оқыту.

Үш тілде білім беру міндеттерін табысты жүзеге асыруға, мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарылатуға тілдік пәндер мұғалімдерінің және мақсатты тілдерде сабақ жүргізетін пән мұғалімдерінің командалық жұмысы мүмкіндік береді. Мұғалімдердің командалық жұмысы үш тілді оқытудың тәсілдерін, принциптерін, оқу стратегияларын зерттеу және талқылау, бірлескен жоспар құру және жұмыстарды талдау (оның ішінде кесілген тақырыптарды) мақсатындағы жүйелі кездесулер сынды түрлі іс-шаралар ретінде (оның ішінде білім алушылардың жетістіктері мен қиындықтарын талдау) жүзеге асырылуы мүмкін; арнайы білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды анықтау, аталған білім алушыларға қолдау көрсету бойынша жоспар әзірлеу; мұғалімдер тәжірибелерін тарату; тәлімгерлік; сабақтарға өзара қатысу; бейнежазба және сабақты талдау; оқу материалдарын жасау; ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру; сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шаралар.

Мұғалімдердің командалық жұмыстары үш тілді білім беруді ***оқу-әдістемелік қамтамасыз ету*** мақсатында құрылған ***шығармашылық топтардың*** форматы бойынша жүргізілуі мүмкін. Үш тілді білім беретін мұғалімдердің аталған шығармашылық бірлестігі оқулықтарды, ОӘК, терминологиялық сөздіктерді, әдістемелік нұсқауларды, тілді және пәнді кіріктіріп оқыту бойынша ұсынымдамаларды, бағалау және мониторинг материалдарын, ағылшын тілі пәндері бойынша сыныптан тыс сабақтарға арналған бағдарламаларды әзірлеумен және сараптаумен айналысуы мүмкін.

Үш тілді білім беруді ***әдістемелік қамтамасыз ету***, оны табысты жүзеге асырудың шарты ретінде мақсатты тілдерді оқытудың технологиялары мен әдістерін енгізу мен меңгеруге, пәндерді мақсатты тілдерде оқытуға, бағалау технологиялары мен мониторингке байланысты. Негізгі технологиялар мен әдістерге, деңгейлік және коммуникативтік тәсілдерге, «білімнің қосарлы кіруі» принципіне негізделген технологиялар, CLIL технологиялары, сабақтан тыс жұмыстар жатады.

Тілдік стандарттарға негізіндегі тілді оқытуға деген ***деңгейлік тәсіл*** тиісті әдістер мен технологияларды таңдауды анықтайды. Тілді деңгейлеп оқыту барысында алдыңғы қатарға тілдік даярлықты бірегейлендіру, тілдерді оқытудың түрлі кезеңдеріндегі процестердің сабақтастығы, тілдерді оқу үдерісінің үздіксіздігі жатады.

Жоғарыда айтылғандай, Тілдік стандарт Еуропа Кеңесінің «Тілдерді меңгерудегі жалпыеуропалық құзыреттіліктер: оқу, оқыту, бағалау» атты CEFR құжатының негізінде жасалды. Бұл монографияда тілді меңгеру деңгейінің жүйесі және стандартты санаттарды пайдалана отырып, аталған деңгейлерді сипаттау жүйесі ұсынылған. Бұл екі кешен оқытудың кез келген бағдарламасын стандартты тілмен сипаттау үшін қолданылатын ұғымдардың бірыңғай желісін құрайды, ол оқу мақсаттары мен міндеттерін анықтаудан бастап, құзыреттіліктерге оқыту барысында қол жеткізілген нәтижелермен аяқталады. Мақсатты тілдердің мұғалімдеріне аталған құжатты практикалық қызметінде пайдалану ұсынылады: оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, бақылау-өлшеу материалдарын құрастыру, тіл біліктілігін бағалау және т.б. барысында.

Мысалы, белгілі бір оқыту мақсаттарын таңдау үшін деңгейдің егжей-тегжейлі сипаттамасы талап етілуі мүмкін. Ол деңгейлер бойынша тіл біліктілігінің негізгі аспектілерін көрсететін жеке кесте ретінде ұсынылған (2-кесте).

2-кесте - А1 деңгейіне арналған аспектілер бойынша білім мен біліктілікті анықтау үшін өзін-өзі бағалау параметрлері мен критерийлері:

Түсіну	Тыңдалым	Күнделікті қарым-қатынас жағдайындағы, мен туралы, менің отбасым және жақын адамдарым туралы сөйлескенде, баяу және анық сөйлесу барысында жеке таныс сөздер мен өте қарапайым тіркестерді түсінемін.
	Оқылым	Жарнамалардағы, плакаттардағы немесе каталогтардағы таныс атауларды, сөздерді және өте қарапайым сөйлемдерді түсінемін.
Айтылым	Диалог	Егер, менімен әңгімелесуші менің сұрағым бойынша өз сөзін қайталаса немесе оны түсіндірсе, айтқым келген сөйлемді құрастыруға көмек берген жағдайда диалогқа қатыса аламын. Мен, өзіме қызықты және білетін тақырыптар шеңберінде қарапайым сұрақтар қойып және оларға жауап бере аламын.
	Монолог	Қарапайым сөздерді және сөйлемдерді пайдалана отырып, тұрғылықты жерім мен білетін адамдарым туралы айтып бере аламын.
Жазылым	Хат	Мен қарапайым ашық хаттарды жаза аламын (мысалы, мерекемен құттықтау), формулярларды толтыруды, өзі аты-жөнімді, азаматтығымды енгізуді, қонақ үйдегі тіркеу парақшасына мекен-жайымды жаза аламын

Тәжірибелік қызметте белгілі бір мақсаттарға байланысты анықталған деңгейлер және санаттар жиынтығына назар аударуға болады. Аталған талдау оқыту модульдерін бір-бірімен және жалпы еуропалық құзыреттіліктер жүйесімен салыстыруға мүмкіндік береді. Сөйлеу әрекеттерінің негізінде жатқан, санаттарды бөліп алудың орнына, коммуникативтік құзыреттіліктің

белгілі бір аспектілері негізінде тілдік мінез-құлықты бағалау қажеттілігі пайда болуы мүмкін. Мысалы, 3-кесте айтылымды бағалауға арналған, сондықтан, ол тілді қолданудың түрлі сапалы аспектілеріне бағытталған.

3-кесте – А1 деңгейі үшін айтылымды бағалау парметрлері мен критерийлері

ДИАПАЗОН	Өзіңіз туралы ақпаратты ашуға және белгілі бір нақты жағдайларды баяндауға қызмет ететін сөздердің және сөз тіркесінің өте шектеулі қоры бар.
НАҚТЫЛЫҚ	Жаттап алынған бірнеше қарапайым грамматикалық және синтаксистік конструкцияларды есте сақтауды шектеулі бақылайды.
ШАПШАҢ ДЫҒЫ	Жаттап алынған бірліктер арасынан жекелеген пікірлерді және қысқаша өз ойын айта алады. Орынды сөйлемді іздеу, бейтаныс сөздерді айту, қателерді түзеу мақсатында көптеген үзілістер жасайды.
ӨЗАРА-ІС-ӘРЕКЕТ	Жеке мәндегі сұрақтарды қойып, өзі туралы айта алады. Әңгімелесушінің сөзіне қарапайым түрде жауап қайтара алады, бірақ, тұтастай алғанда, қарым-қатынас қайталауға, өз сөзімен айтуға және қателерді түзетуге байланысты болады.
БАЙЛАНЫС ТЫЛЫҒЫ	Сөздерді және сөздер тобын сызықтық реттілігін білдіретін «және» «кейін» жалғаулықтарымен байланыстыруға болады.

Оқытудағы ***коммуникативтік тәсілдер*** оқыту материалдарын іріктеуді және ұйымдастыруды айқындайды, яғни, тақырыпты, қарым-қатынас салаларын, жағдайларын. Бұл принцип тек айтылымға ғана таралып қоймай, сонымен қатар, айтылымға, оқылымға және жазылымға оқыту барысында тілдің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық құралдарымен жұмыс жасауда жүзеге асырылады. Мысалы, оқылым кезінде басты назар мазмұнды-мәндік жағына аударылады, ол үшін коммуникативтік мәндегі тапсырмалар кеңінен қолданылады.

Мұғалім қарым-қатынас өнерін үйретеді, қарым-қатынас стратегиясына баулиды: әңгімеге қалай араласу, әңгімені аяқтау, үзілістер орнын толтыра алу, әңгімені тоқтату немесе жалғастыру, бір нәрсені түсінбеген жағдайда абыржымау және анықтау; серіктестің әсерін алдын ала анықтау, қалай ұнау, әңгімелесушіге нені айтпау және көрсетпеу керек сияқты. Қарым-қатынас процесінде басты назар тілдік форманы түсінуге емес, мазмұнға аударылады. Тілдік қарым-қатынастың мазмұнды аспектісі (не туралы айтылуда, хабардар етілуде) тілдік аспектіге қатысы бойынша басым болып табылады. Тілдік аспект, білім алушылар мүдделерінің төңірегінде қалады, себебі қарым-қатынас барысында тілдік әдептілік емес, тілдік өзара әрекеттестік маңызды болып табылады. Тілдің жекелеген ішкі жүйелерін меңгеру (лексика, грамматика, фонетика) бағынышты рөл атқарады және тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін қалыптастыруға шектеулі үлес қосады.

Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялаудың технологиялары

Мақсатты тілде сабақ жүргізетін пән мұғалімдері осы технологияларды меңгеру бойынша оқытудан өтулері қажет. Оқыту бағдарламасына келесі тақырыптарды енгізу ұсынылады (4-кесте):

4-кесте - Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялау технологияларының бағдарламасы

Тақырып	**Тақырып мазмұны**
Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялау технологияларының теориялық негізі	Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялау технологияларының қалыптасуы және дамуы. ШТ кәсіби проблеманы шешу құралы ретінде пайдалану жағдайының моделі. «Тілдерді сіңіру» әдісі. Контекстік оқыту.
	CLIL принциптері мен базалық элементтері: Content and Language Integrated Learning: content (мазмұн: кәсіби білім, зерттелуші сала қызметімен байланысты дағдылар мен түсініктер); communication (қарым-қатынас: тілді бір уақытта меңгеруді үйрену үшін тілді пайдалану); cognition (таным: тіл мен мамандықтың абстрактілі және нақты түсініктерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін ойлау дағдыларын дамыту); culture (баламалы көзқарастарды құрметтеу және бөтен және өз мәдениетін қабылдау және түсіну).
	CLIL тәсіліне сәйкес оқыту түрлері: soft CLIL (арнайы пәндер мазмұнындағы жекелеген тақырыптарды ШТ бойынша сабақтарда оқыту); hard CLIL (жартысынан көбі ШТ оқытылатын жартылай енгізу бағдарламалары); modular CLIL (белгілілен сағаттарда пән ШТ оқытылады).
	CLIL модельдері: theme-based courses, adjunct/linked courses, sheltered subjectmatter instruction, second language medium courses.
Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялау технологияларын тәжірибеде қолдану	Түрлі типтегі білім беру ұйымдарында CLIL технологияларын пайдалану арқылы сабақты жоспарлау.
	Интеграцияланған оқыту процесінде CLIL технологияларын жүзеге асыру. Аудио және бейнеподкастар. Флеш-анимациялар. Веб-квестер. Пікірталас клубтары. Тақырыптық және жобалық «Тілдік енгізу».
	CLIL технологияларын қолдану нәтижелерін бақылау және бағалау.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Тілдерді оқытудың заманауи процесін тілдік ортаны ұйымдастыруға мүмкіндік беретін арнайы кабинеттерсіз және тілдік лабораторияларсыз

елестету мүмкін емес. Лингафондық жабдықтарды, компьютерлік ОҚ және ақпараттық-коммуникациялық оқу құралдарын пайдалану үшін техникалық жағдай жасау ерекше рөл атқарады. Тілдік лабораториялар мен кабинеттердің ерекшелігі – олар оқу құралдарын, сонымен қатар, техникалық оқу құралдарын кешенді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын заманауи талаптар:

1) кітап баспа өнімдерінің (кітапхана қоры) тізімі;

2) демонстрациялық баспа нұсқаулықтарының тізімі: түрлі пәндік, сюжеттік, тақырыптық суреттер, алфавит (қабырға кестесі), грамматикалық материалдардың негізгі бөлімдеріне арналған грамматикалық кестелер, аса көрнекті мәдениет қайраткерлерінің, ОТЕ (оқу тілінің елі) жазушылардың портреттері, шет тіліндегі географиялық карталар, ОТЕ жалаушалары, ландшафт, қала, ОЕТ жекелеген көрікті жерлерінің суреттері бейнеленген суреттер жиынтығы;

3) техникалық ОҚ тізімі: а) мультимедиялық компьютер (компакт-дискілерді оқу-жазу, дыбыс, бейнекіріс/шығыс, Ғаламторға кіру мүмкіндігі). Компьютер акустикалық колонкалармен, микрофон және құлақ қаптармен, қолданбалы бағдарламалар пакетімен жарақтандырылған; б) лазерлі принтер; в) көшіру құрылғысы; г) сканер; д) телекоммуникация құралдары, оның ішінде электрондық пошта, телеконференция, жергілікті және аймақтық желілер. Олар қажетті қаржылық және техникалық жағдайлар болған жағдайда, білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету шеңберінде құрылады; е) бейнемагнитофон, дыбыс жазғыш; ж) теледидар; з) лингафондық құрылғылар;

4) компьютерлік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар тізімі: электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалары және оқулықтар. Олар тілдік материалмен жұмыс, сондай-ақ, тілдік қызметтің негізгі түрлерін дамыту үшін де пайдаланылуы мүмкін. Олар білім алушыларды даярлаудың ағымдағы және қорытынды бақылау жүйесін құруға техникалық мүмкіндік беруі қажет. Ойын компьютерлік бағдарламаларын сыныпта және үйде жұмыс істеу үшін пайдалануға болады;

5) экранды және дыбыстық құралдардың тізімі: стандартта көрсетілген пәнге сәйкес келетін аудио жазбалар, бейнефильмдер; слайдтар (диапозитивтер); грамматикалық материалдың негізгі бөлімдеріне сәйкес келетін фолия-кестелер.

Оқыту құралдарын мұғалім тек біліп және ие болып қана қоймай, сонымен қатар, оларды жұмыс тәртібінде ұстап тұру, тиімді пайдалануы қажет.

Қорытынды

Мақсатты тілдерді оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру барысында, Тіл стандартында анықталған үш мақсатты тілге арналған негізгі тәсілдер мен оқыту стратегияларын дұрыс іске асырылған жағдайда ғана үш тілде білім беру моделін енгізудің тиімділігі мен табыстылығы туралы айтуға болады. Оларды жүзеге асыру балаларды дамытуға теріс әсерін тигізбестен, мақсатты тілде сауаттылықты және тақырыптық білімді меңгеруді қамтамасыз етеді. Үш тілде оқытудың қазақстандық моделінің принциптеріне сәйкес үш тілде оқытудың тиісті түрде ұйымдастырылған оқу үдерісі көп тілді оқытуға жасырын немесе ашық қарсылықты жеңуге және күн тәртібіндегі бірқатар сұрақтарды жоюға мүмкіндік береді: «Бірнеше тілді еркін меңгеруге болады ма?», «Көптілді оқытудан ана тілі зардап шекпейді ме?», «Ерте мектеп жасында көптілді білім беруді бастау дұрыс па?», «Бір уақытта бірнеше тілде жоғары сауаттылық деңгейіне қол жеткізе аламыз ба?»

Үш тілде білім беруді дамыту бойынша ұсынымдар:

1. Ішкі әдіснамалық, дидактикалық, технологиялық, әкімшілік, басқарушылық, материалдық-техникалық ресурстарды және т.б. оңтайландыру.
2. Үш тілдік білім беру ортасын дамыту және құзыреттілік-бағдарлық білім беру жағдайында педагогикалық мамандарды ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру бағдарламасын әзірлеу және кәсіби даярлық күйін талдау.
3. Жоғары оқу орындарының және басқа да әріптес ұйымдардың жетекші мамандарын тарта отырып, кәсіби және қайта даярлау арқылы үш тілде білім беру ортасының сапаны басқару жүйесінің тиімділігін арттыру жұмыстарын жалғастыру.
4. Үш тілде білім беру қызметін сапалы басқару бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу бойынша қызметті жүйелендіру.
5. Түрлі білім беру мекемелерінде қолданылуы мүмкін жаңа білім стандартының негізінде интеграцияланған үш тілде оқыту курстарын, авторлық бағдарламаларды енгізу.
6. Көп тілді оқыту және көп тілді ортада жұмыс істейтін басқа елдердің және аймақтардың өкілдерімен халықаралық ынтымақтастықты жалғастыру. Мүдделі өкілдермен ынтымақтастық туралы келісім-шарт, хаттамалар жасау.

Мазмұны

Кіріспе 3
1 Үш тілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандарты: мәртебесі, ерекшеліктері 4
2 Оқу процесінде үш тілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандартын қолдану стратегиялары 7
Қорытынды 15

Введение

Данное Методическое руководство содержит рекомендации по применению Единого языкового стандарта обучения трем языкам (далее *Языковой стандарт*).

В первой главе документа раскрываются особенности статуса и содержания Языкового стандарта, описываются основополагающие подходы и принципы, варианты и условия его реализации.

Во второй главе предлагаются конкретные стратегии реализации Единого языкового стандарта обучения трем языкам в учебном процессе.

Настоящее издание адресовано методистам и педагогам, задействованным в программах трехъязычного/многоязычного образования, руководителям организаций и управлений образования, авторам учебников и учебно-методической литературы, колледжам и вузам, готовящим полиязычных специалистов, научно-педагогической общественности, широкому кругу заинтересованных сторон.

Цель Методического руководства – разъяснить заинтересованным лицам особенности Языкового стандарта и дать инструкции по его применению.

1 Единый языковой стандарт обучения трем языкам: статус, особенности

1.1 О статусе Языкового стандарта

Единый языковой стандарт обучения трем языкам имеет статус рамочного документа.

Это означает, что данный стандарт задает определенные рамки, направления, подходы, без соответствия которым невозможна научно обоснованная, качественная реализация трехъязычного образования.

В то же время, строго определяя обязательные параметры, этот стандарт носит также рекомендательный характер в части стратегий его реализации в различных вариантах с учетом региональных особенностей, разнообразия, потенциала и ресурсов конкретной организации образования.

